

**Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 24-ОД бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 249-1-ОД бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 24 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1733

Темір жол көлігімен жүк тасымалдау тарифтеріне төмендету коэффициенттерін қолдану кезеңдерін белгілеу мақсатында,

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік реттеуге жататын темір жол көлігімен жүк тасымалдау тарифтеріне төмендету коэффициенттерін белгілеу және алып тастау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 24-ОД V991024\_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік реттеуге жататын темір жол көлігімен жүкті тасымалдау тарифтеріне төмендету коэффициенттерін белгілеу және алып тастау ережелерінде:

8-тармақтағы "бірақ ол күнтізбелік жылдың аяғына дейінгіден аспауға тиіс" деген сөздер алынып тасталсын;

4-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Төмендету коэффициенттерінің қолданылу күшін алып тастау және ұзарту тәртібі";

21-тармақтағы "өздігінен алып тастауға" деген сөздерден кейін "не, өнеркәсіп өндірісі жанама өнімінің экологиялық қауіпті жағдайында, олардың қолданылу күшін ұзартуға құқылы, бірақ бір тоқсаннан аспауға тиіс." деген сөздермен толықтырылсын;

23-тармақтың екінші абзацы "алып тастау" деген сөзден кейін "немесе қолданылу күшін ұзарту" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Құқықтық, нормативтік және әдіснамалық қамтамасыз ету департаменті (Рахымжанов А.Т.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Әкімшілік жұмыс департаменті (Досан Б.Б.) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оны

Агенттіктің аумақтық органдарының, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, көлік кәсіпорындарының назарына жеткізсін.

4. Жиынтық талдау және бақылау-инспекторлық жұмыс департаменті

(Ержанова С.А.) ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық кесімдер бюллетенінде жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік төрағасының орынбасары А.Р. Ойнаровқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Төраға

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.